



СПОРТТЫҚ ЖҮРІСКЕ ТӨРЕЛІК ЕТУ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ ЖҮРІСТЕН ЖАРЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Төрешілерге, ресми тұлғаларға,
жаттықтырушылар мен спортшыларға
арналған басшылық құрал

2010–2011

ЖЕҢІ АТЛЕТИКА ФЕДЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

**СПОРТТЫҚ ЖҮРІСКЕ
ТӨРЕЛІК ЕТУ ЖӘНЕ
СПОРТТЫҚ ЖҮРІСТЕН
ЖАРЫСТАРДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**Төрешілерге, ресми тұлғаларға,
жаттықтырушылар мен спортшыларға
арналған басшылық құрал**

**ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА
ФЕДЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ**

VII ТАРАУ – СПОРТТЫҚ ЖҮРІС	10
230-ҚАҒИДА Спорттық жүріс	10
ТӨРЕЛІК ЕТУ	15
ТӨРЕШІ МІНДЕТТЕРІНІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ	17
ТӨРЕШІ ОРНАЛАСАТЫН ЖЕР	18
ШОССЕДЕ ТӨРЕШІЛЕР ОРНАЛАСАТЫН ЖЕРЛЕР	18
ТӨРЕШІЛЕРГЕ НЕ РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА НЕГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ	20
АҒА ТӨРЕШІ	21
АҒА ТӨРЕШІ МІНДЕТТЕРІНІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ	24
ХАТШЫ	26
ХАТШЫ МІНДЕТТЕРІНІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ	28
ҚЫЗЫЛ КАРТОЧКАЛАР ТАБЛОСЫ	29
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ КАРТОЧКАЛАР ТАБЛОСЫ	31
СПОРТТЫҚ ЖҮРІСТЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАР НЕГІЗГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР/АЙМАҚТАР	34
СПОРТТЫҚ ЖҮРІС ТӨРЕШІЛЕРІНІҢ ӘДЕП КОДЫ	42

Өкілеттіктер мерзімі

Негізгі рөл

1. Спорттық жүріс жөніндегі комитет ИААФ-қа спорттық жүріске қатысты барлық мәселелер бойынша консультация беруге тиіс.

Нақты міндеттер мен қызмет түрлері

2. Спорттық жүріс жөніндегі комитет төмендегідей нақты міндеттерді шешеді және қызмет түрлерін жүргізеді:
 - (a) спорттық жүріс бойынша жарыстар өткізу саясатына қатысты Кеңеске ұсынымдар шығарады;
 - (b) спорттық жүріске қатысты жарыстар қағидалары мен регламенттерді үнемі қайта қарап тұрады және Кеңеске ұсынымдар шығарады;
 - (c) спорттық жүріс бойынша ИААФ чемпионаттарының техникалық нормативтерін үнемі қайта қарап тұрады және Кеңеске ұсынымдар шығарады;
 - (d) орынды болған жерлерде басқа комитеттермен және комиссиялармен спорттық жүріс мәселелері бойынша байланыс пен консультацияларды қамтамасыз етеді;
 - (e) спорттық жүріске қатысты жарияланымдар жөнінде немесе басшылық құралдар мен басқа да баспа материалдары жөнінде ұсыныстар енгізеді;
 - (f) спорттық жүрісті насихаттайды, оны дамытуға ықпал етеді және жаппай дамытуды қолдауды қамтамасыз етеді.

КІРІСПЕ

«Спорттық жүріс бойынша төрешілерге арналған ИААФ басшылық құралы» алғаш басылып шыққаннан бері бірнеше жыл өтті, одан бері спорттық жүріс сан алуан даму жолынан өтті.

Спорттық жүріске төрелік ету және оны ұйымдастыру жөніндегі ИААФ брошюрасының жаңартылған басылымы Берлиндегі ИААФ Конгресінің нәтижесі болып табылады, мұнда регламенттер мен оны ұйымдастыруға өзгерістер енгізу мақұлданған.

Спорттық жүріс бойынша халықаралық төрешілер бригадасы жетекші төрешілердің жоғары деңгейдегі халықаралық жарыстарға төрелік етуден тәжірибе алуына мүмкіндік береді. Саясаттың бұл жаңа түрі құрлықтық қауымдастықтарға жаңа төрешілердің ағылуына септігін тигізді.

Соңғы бірнеше жыл бойы спорттық жүріске үйлестірілген түрде қолдау көрсету үшін бәрінің қалай күш біріктіргеніне қарап сүйсінуге болады. Спорттық жүрістен жарыстарды ұйымдастырудағы және оларға төрелік етудегі өзгерістерге әрдайым қолдау көрсететін ИААФ Кеңесіне айрықша алғыс білдіреміз.

Бұл жетістіктер ИААФ Ұлттық федерациялармен байланыс жөніндегі бөлімінің оқу бағдарламасын қоса алғанда, ИААФ Спорттық жүріс жөніндегі комитетімен ынтымақтаса отырып, барлық деңгейлерде жүргізілген үздіксіз жұмыстың нәтижесі болып табылады.

Спорттық жүріс бойынша жарыстарды мейлінше жақсы бақылауды қамтамасыз етуді қалайтын төрешілер бригадасы үшін спорттық жүріс бойынша барлық деңгейлердегі жарыстарға тікелей қатысу есебінен алынатын жеке тәжірибенің маңызы өте зор, ал төрешілерді ара-тұра бағалау және оқытып тұру түр эволюциясымен байланыс жоғалмайтынына кепілдік береді. Оның үстіне, төрелік етуге қатысу мүмкіндігін ұлғайтудан пайда алатын төрешілер үшін қажетті сабақтастық пен түрлі халықаралық бригадалардың оқу және бағалау курстары мен семинарларына қатысуы сияқты олардың жаңару мүмкіндігінің негіз қалаушы мәні бар.

Бұл кітап төрешілерге ғана емес, өздерінен төрешінің не сұрап тұрғанын түсіну үшін спортшыларға да, өз спортшысының дұрыс стильмен жүруін қамтамасыз ету үшін кез келген ықтимал құралдарды таба білуге тиіс жаттықтырушыға да, бәріміз жақсы көретін спорт туралы өз білімін одан әрі жетілдіргісі келетін жеңіл атлетика жанкүйеріне де арналған. Өздерінің пайдалы білімімен және басшылығымен үлес қосқан ИААФ Спорттық жүріс жөніндегі комитетінің мүшелеріне алғыс білдіреміз. Бұл ақпараттық брошюра төрелік ету стандарттарын жақсартып, сол

арқылы спорттық жүріс бойынша жарыстарды және спорттық жүрістің өзін бүкіл әлемде спорт ретінде жетілдіруге септігін тигізері сөзсіз.



*Olga Kaniskina (Russia), Olympic champion 2008, World champion 2007-2009.
(Getty Images)*

VII ТАРАУ – СПОРТТЫҚ ЖҮРІС

230-ҚАҒИДА

Спорттық жүріс

Спорттық жүрістің анықтамасы

1. Спорттық жүріс — бұл екі аяғымен кезек-кезек адымдау, бір аяғын көтергенде екіншісі ұдайы жерде болуға тиіс әрі екі аяғын бірдей адам көзіне көрінетіндей етіп көтеруге болмайды. Аяғын жерге тигізген сәттен бастап тігінен жүріп өткенше, алға созылған (тірек) аяғы түзу болуға (яғни тізесінен бүгілмеуге) тиіс.

Төрелік ету

2. (a) Спорттық жүріс бойынша тағайындалған төрешілер аға төреші алдын ала тағайындалмаса, аға төрешіні тағайындайды.
- (b) Төрешілердің бәрі өз функцияларын жеке-жеке орындайды әрі олардың төрелігі көзбен шолып қадағалау нәтижелеріне негізделеді.
- (c) 1.1 (a) қағидаға сәйкес өткізілетін жарыстарда төрешілердің бәрінің спорттық жүрістен халықаралық санаты болуға тиіс. 1.1 (b), (c), (e), (f), (g), (l) қағидаға сәйкес өткізілетін жарыстарда төрешілердің бәрінің спорттық жүрістен халықаралық немесе құрлықтық санаты болуға тиіс.
- (d) Спорттық жүрістен жарыс шосседе өткізілген кезде, әдетте, аға төрешіні қоса алғанда төрешілердің саны алтыдан кем болмауға және тоғыздан аспауға тиіс.
- (e) Жолда өткізілетін жарыстарда, әдетте, аға төрешіні қоса алғанда алты төреші болуға тиіс;
- (f) 1.1 (a) қағидаға сәйкес өткізілетін жарыстарда кез келген елден төрешілер саны біреуден аспауы мүмкін.

Аға төреші

3. (a) 1.1 (a), (b), (c), (d), (f) қағидаға сәйкес өткізілетін жарыстарда аға төреші бұдан бұрын спортшы алған қызыл карточкаларының санына қарамастан, егер осы спортшының жүру стилі жоғарыда көрсетілген Қағиданың 1-параграфына сәйкес келмесе, аға төреші егер жарыс стадионда аяқталса, спортшыны стадионның ішінде, егер жарыс толығымен жолда немесе шосседе өткізілсе, соңғы 100 метрде дисквалификациялауға құқылы. Осы Қағидаға сәйкес аға төреші дисквалификациялаған спортшыға дистанцияны аяқтауға рұқсат етіледі. Спортшы дистанцияны аяқтаған сәтте ең алғаш мүмкіндік туындаған кезде аға төреші немесе оның көмекшісі оған қызыл жезді көрсетіп, оны мұндай дисквалификациялау туралы хабардар етеді.

- (b) Аға төреші жарыстардың өткізілуін жалпы бақылауды жүзеге асырады да, 1.1 (a), (b), (c), (d), (f) қағидаға сәйкес өткізілетін жарыстарда (a) тармағында аталған айрықша жағдайда ғана төреші ретінде әрекет етеді. 1.1 (a), (b), (c), (f) қағидаға сәйкес өткізілетін жарыстарда аға төрешінің екі немесе одан артық көмекшісін тағайындауға болады. Аға төрешінің көмекшісі (көмекшілері) дисквалификациялау туралы хабарлаған кезде ғана көмек көрсете алады және спорттық жүрістен төреші ретінде әрекет етпеуге тиіс.
- (c) 1 (a), (b), (c), (f) қағидаға сәйкес өткізілетін жарыстардың бәрінде ескерту таблосына жауапты төреші және аға төрешінің көмекшісі тағайындалуға тиіс.

Ескерту

4. Жүру техникасы осы Қағиданың 1-параграфын бұзуға әкеп соқса, спортшылар ескерту алады, ол екі жағынан да бұзушылықтың символы көрсетілген сары карточканы көрсету жолымен жасалады. Дәл осындай қателігі үшін олар бір төрешіден екі рет ескерту алмайды. Жарыстан соң төреші қатысушыға өзі жасаған ескерту туралы аға төрешіге хабарлауға міндетті.

Қызыл карточка

5. Егер төреші жарыстың кез келген сатысында спортшының жерден екі аяғымен бірдей көтерілуінің немесе тізесін бүгуінің нәтижесінде Қағиданың 1-параграфын бұзғанын көрсе, ол аға төрешіге қызыл карточка жіберуге тиіс.

Дисквалификация

6. (a) Аға төрешіге әртүрлі үш төрешіден қызыл карточка жіберілген кезде спортшыға дисквалификация берілуге тиіс, бұл туралы аға төреші немесе аға төрешінің көмекшісі спортшыға қызыл карточка көрсету арқылы хабардар етеді. Спортшыны хабардар етуге мүмкіндіктің болмауы оны дисквалификациялағаннан кейін қайтадан қалпына келтіруге алып келмейді.

(b) ИААФ тікелей бақылайтын және/немесе оның рұқсатымен өткізілетін жарыстардың бәрінде бір елден келген екі төрешінің қызыл карточкалары дисквалификация беруге ешбір жағдайда да құқық бермейді.

Стадионда өткізілетін жарыстарда дисквалификация алған қатысушы дереу жолдан шығуға тиіс, ал шосседе өткізілетін жарыстарда ол дисквалификация алғаннан кейін дереу өз нөмірлерін шешіп, трассадан шығуға міндетті. Трассадан немесе жолдан шықпаған дисквалификация алған кез келген қатысушыға 60.4 (f) және 145.2 қағидаға сәйкес тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін.

- (d) Аға төрешіге жіберілген қызыл карточкалардың саны туралы әр қатысушының біліп тұруы үшін трассаның мәреге таяу тұсында бір немесе бірнеше ескерту таблосы орналастырылуға тиіс. Әр қателіктің символы да таблода көрсетілуге тиіс.
- (e) 1.1 (a) қағидаға сәйкес өткізілетін жарыстардың бәрінде қызыл карточкаларды төреші мен таблоға берген кезде төрешілер компьютерлендірілген портативті беруші құрылғыларды пайдалануға тиіс. Мұндай жүйе пайдаланылмайтын басқа жарыстардың бәрінде аға төреші жарыс аяқталған соң дереу Рефериге 230.3 (a) және 230.6(a) қағида бойынша дисквалификация берілген спортшылар туралы есеп беріп, хабарлама мен қателіктің нөмірін, уақытын көрсетуге тиіс. Қызыл карточка алған спортшыларға да дәл осындай есеп жасалады.

Старт

7. Жарыс тапанша атылған соң басталады. 400 м астам (162.3-қағида) дистанцияларға жүгіру түрлері үшін стандартты командалар пайдаланылады. Қатысушылар саны көп жарыстарда старттың алдында бес минуттық, үш минуттық және бір минуттық әзірлік жарияланады.

Қауіпсіздік және медициналық мәселелер

- 8. (a) Спорттық жүріс жарыстарын ұйымдастыру комитеті қатысушылар мен төрешілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс. 1.1 (a), (b), (c), (f) қағидаға сәйкес өткізілетін жарыстарда Ұйымдастыру комитеті жарыс өткізілетін трассаның бойымен екі бағытта да автокөліктің жүрмеуін қамтамасыз етуге тиіс.
- (b) 1.1 (a), (b), (c), (f) қағидаға сәйкес өткізілетін жарыстар күндізгі уақытта басталып аяқталатындай етіп жоспарлануға тиіс.
- (c) Жарыстар уақытында Ұйымдастыру комитеті белгілеген және жақсы көрінетін айырым белгілері – жеңге байлайтын тиісті таңғышы, кеудешелері немесе осыған ұқсас басқа да киімі мен мүкәммалы бар уәкілетті медицина персоналы өткізетін жеңіл-желпі медициналық тексеріп қарау көмек көрсету деп саналмайды.
- (d) Егер Медициналық делегат немесе ресми медициналық қызмет мүшесі талап етсе, спортшы дереу трассадан шығуға тиіс.

Сусын ішу / салқындау және тамақтану пункттері

- 9. (a) Жарыстарда тұтынуға рұқсат етілген су және басқа да сусын мен тамақ түрлері барлық жарыстарда старт пен мәреде берілуге тиіс. (b) 10 км және соған дейінгі дистанцияларда өткізілетін жарыстардың бәрінде сусын ішу/салқындау пункттері (су ғана беретін) ауа райы жағдайлары ескеріліп,

трассада белгілі бір арақашықтық сақталып ұйымдастырылуға тиіс. Ескертпе: Егер ұйымдық және/немесе климаттық жағдайлар мүмкіндік берсе, трассаға су сепкіштерді/доғаларды да орналастыруға болады.

- (с) 10 км астам дистанциялардағы жарыстардың бәрінде тамақтану пункттері әрбір айналымда орналастырылуға тиіс. Бұдан басқа, су ғана берілетін сусын ішу/салқындау пункттері шамамен тамақтану пункттерінің ортасында немесе ауа райы жағдайлары талап ететін болса, одан жиірек орналастырылады.
- (d) Тамақтануды Ұйымдастыру комитеті не спортшы өзі қамтамасыз етуі мүмкін, ол оңай алуға болатындай немесе уәкілетті тұлғалар тура спортшылардың қолына бере алатындай орналастырылуға тиіс.
- (e) Арнайы белгіленген пункттерден тыс жерлерден тамақ алатын спортшыны Рефери дисквалификациялауға тиіс.
- (f) 1.1 (a), (Б), (с), (f) қағидаға сәйкес өткізілетін жарыстарда тамақ қойылған үстелдің артында бір уақытта әр елдің екі ресми өкілінен артық тұруға болмайды. Ешбір жағдайда да ресми тұлға тамақтанып бара жатқан спортшымен қатар жүгірмеуге тиіс.

Шосседегі трассалар

10. (a) 1.1 (a) қағидаға сәйкес өткізілетін жарыстарда айналым 2,5 км аспауға және 2 км кем болмауға тиіс. Қалған басқа жарыстардың бәрінде айналым 2,5 км артық болмауға және 1 км кем болмауға тиіс. Стадионда басталып, стадионда аяқталатын жарыстарда трасса стадионға мейлінше таяу орналасуға тиіс. (Б) Шосседегі трасса 240.3-қағидаға сәйкес өлшенеді.

Жарыстарды өткізу

11. 20 км және одан артық дистанцияларда спортшы төрешінің рұқсатымен және оның бақылауымен жолдан немесе трассадан шығуына болады, бұл ретте трассадан шыққан кезде ол қалған дистанцияны қысқартпауға тиіс.

12. Егер Рефери спортшының белгіленген трассадан шығып кетіп, дистанцияны қысқартқаны жөнінде төрешінің немесе дистанциядағы төрешінің есебіне қанағаттанса немесе оған қандай да бір басқа растау алса, спортшы дисквалификациялануға тиіс.



Alex Schwazer (Italy), Olympic champion 2008 (Photo Getty Images)

ТӨРЕЛІК ЕТУ

Спорттық жүрістен төрешінің рөлі спорттық жүріске нақты анықтама берілген ИААФ 230-қағидасының талаптарына спортшы бағынбайтын болса, оның жарысты аяқтауына жол бермеу болып табылады. Спорттық жүріс бойынша әрбір төреші спортшының адал жарысып келе жатқанына көз жеткізу үшін жарысқа қатысушылардың әрқайсысын қадағалауға тиіс. Егер төреші өзінің қадағалауын негізге алып, спортшы 230-қағиданы бұзды деген пікірге келсе, онда төреші спортшыға ескерту жасауға тиіс. Басқаша айтқанда, егер төреші спортшы жерден екі аяғын бірдей көтерді немесе спортшы серпілетін аяғын 230-қағидада жазылған талапқа сәйкес тіктемейді деп санаса, онда төреші спортшыға сары карточка көрсетіп ескерту жасауға тиіс.

Төреші әрбір спортшыға әр қателігі үшін, яғни жерге аяғы бірінші тиген сәттен бастап денесін тік ұстағанға дейін жерден екі аяғын бірдей көтергені үшін немесе серпілетін аяғын тіктемегені үшін бір рет қана ескерту жасай алады. Спортшының нөмірін, ол жіберген қателікті және ескерту жасалған уақытты көрсетіп, жасалған ескертулердің бәрін жеке төреші тіркеп отыруға тиіс.

Егер төреші спортшының 230-қағидаға сәйкес жүрмей келе жатқаны анық деп санаса, ол қателікті қызыл карточкаға тіркеп, қызыл карточканы таблоға ілу үшін хатшыға жіберуге тиіс. Егер төреші спортшыға қызыл карточка берсе, онда бұл төреші үшін спортшы жарыстан шеттетілді деп есептеледі. Төреші спортшыға екінші рет қызыл карточка бере алмайды, сондай-ақ ол төреші қызыл карточка бергеннен кейін оған ескерту жасай алмайды.

Спортшыға қызыл карточка берген төрешіге өз шешімін қандай да бір түрде осы спортшыға тікелей беруге рұқсат етілмейді. Төреші қызыл карточканы толтырып, онда жарыстың атауын, карточка толтырылған күнді, уақытты, спортшының нөмірін, төрешінің аты-жөні мен оның нөмірін, қателіктің мәнін (мысалы, жерден екі аяғын бірдей көтеру немесе тізесін бүгу) және соңында осы төрешінің қолын көрсетуге тиіс. Бұл карточка мейлінше тезірек хатшыға берілуге тиіс. Төрешілер өздері берген барлық қызыл карточкалар туралы жазбаларды сақтауға тиіс. Аға төрешіні қоспағанда, төрешілер мынадай жағдайларды назарға алуға тиіс:

- (a) Төреші өзіне аға төреші белгілеп терген аймақта ғана төрелік етуге тиіс.
- (b) Жарысқа қатысушылардың жүрісіне төрелік ету мәселелері бойынша төреші аға төрешіден басқа төрешілермен сөйлеспеуге тиіс.
- (c) Төреші өз орнынан рұқсатсыз кетпеуге тиіс және ол соңғы спортшы жарысты аяқтағанша, жарыс аяқталды деп санамауға тиіс.

- (d) Төреші жарыс басталғанға дейін кемінде 45 минут қалғанда келіп, өзінің келгені туралы аға төрешіге баяндауға тиіс.
- (e) Жарыс аяқталғаннан кейін төреші өзі толтырған жазбаларды аға төрешіге беруге тиіс, ол оған қашан кете беруіне болатынын хабарлайды. Бұл өте қажет, өйткені пікірлер алшақтығы туындаған жағдайда, нақты төрешінің айғақ беру қажеттігі орын алуы мүмкін.
- (f) Сонымен қатар, төреші мүмкіндігінше спортшыға қызыл карточка бергенге дейін оған ескерту жасауы керек екені түсінікті болуға тиіс.

Жарысқа төрелік ету үшін қажетті төрешілер саны:

- Үй-жайлардағы қысқы жарыстар үшін - 200 м жолда бес төрешіге дейін
(аға төрешімен қоса)
- Жазғы жарыстар үшін - 400 м жолда алты төрешіге дейін
(аға төрешімен қоса)
- Шосседегі жарыстар үшін - 1 – 2,5 км трассада – трассаның
мөлшеріне қарай кемінде алты және
тоғыздан аз төреші
(аға төрешімен қоса).


Жолдағы жарыстарда, әдетте, төрешілер әр бұрылыста бір-бірден және әрбір тура жолда біреуден/екеуден орналасуға тиіс. Шосседе де осындай схеманы пайдалану керек.

Барлық жарыстарда аға төрешінің болғаны және мәреге тура баратын жолда немесе тым болмаса соңғы 100 метрде төрешілердің тиісті саны болғаны дұрыс. Төрелік етудің бәрі жеке орындалады және төрешілерді ешқашан жұптауға болмайды.

ТӨРЕШІЛЕР МІНДЕТТЕРІНІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Төреші:

- (a) Жоспарланған стартқа дейін кемінде 45 минут қалғанда келуге.
- (b) Егер басқа шешім қабылданбаса, стартқа дейін кемінде 30 минут қалғанда кездесіп, аға төрешіні таңдауға.
- (c) Аға төрешіден алынған нұсқаулықтарды орындауға.
- (d) Қағидаларды бұзуы мүмкін спортшыға ескерту жасауға және бұл ескертуді тіркеуге.
- (e) Қағиданы бұзған кез келген спортшыға қызыл карточка беруге.
- (f) Төрешілер карточкасын анық толтыруға және оны аға төрешіге немесе хатшыға беруге.
- (g) Жарыстан соң аға төрешіге баяндауға және қызыл карточкалардың бәрі алынғанын растауға.
- (h) Жарыстан соң аға төрешінің кез келген сұрағына жауап беруге қабілетті болуға тиіс.



Yellow caution paddles and Red disqualification paddle.

ТӨРЕШІ ОРНАЛАСАТЫН ЖЕР

Төреші спортшылардың аяқтарын анық көруге мүмкіндік беретіндей орналасуға тиіс. Жолдағы жарыста сыртқы жолдарда өте тамаша орналасуға болады, мұнда көтеріңкі ішкі тосқауыл спортшылардың аяқтарын шолып қарауға кедергі болмайды. Жарыстар шосседе өткізілген жағдайда, төреші мүмкіндігінше спортшылардың шоссенің бетін қалай басып жүргенін анық көре алатындай позицияны иеленуге тиіс. Төреші үшін тағы бір ұтымды позиция – қатысушылар төрешіге қарай келе жатқанда қатысушыға қатысты 45 градус бұрыш.

Спортшы қағиданы бұзуы мүмкін әлеуетті қауіпті негізі аймақтар мыналар:

- (a) стартта жылдамдық алғанда;
- (b) басқа спортшының жанынан өтіп бара жатқанда;
- (c) мәрелік спринт кезінде және
- (d) топтың ортасында.

ШОССЕДЕ ТӨРЕШІЛЕР ОРНАЛАСАТЫН ЖЕРЛЕР

Картада көрсетілген төрешілерге арналған жерлер 2 немесе 2,5 км айналма трассалар үшін ұсынылады, мұнда трассаны дұрыс бақылау үшін сегіз төреші талап етіледі. Трассада жақсы төрелік ету үшін қажетті төрешілердің нақты саны трассаға салынған белгілерге байланысты. Төрешілерге арналған орындар 1-ден 8-ге дейінгі нөмірлермен көрсетілген және аға төрешіге арналған орын арнайы белгіленуге тиіс.

Шосседе қадағалау үшін аса маңызды жерлер:

1. Бұрылыстар
2. Төмпешіктер
3. Күрт бұрылыстар
4. Көмек көрсету және тамақтану пункттері



*IAAF World Championships, Osaka 2007.
 Map of the circuit and road judging position*

ТӨРЕШІЛЕРГЕ НЕ РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА НЕГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

- (a) Егер күмәндансаңыз, спортшының пайдасына әрекет етіңіз.
- (b) Төреші қызыл карточкаларды неғұрлым көп берсе, соғұрлым жақсы төрелік еткені дегенге сенбеңіз. Жақсы төреші қағидаларды бұзу орын алғанға дейін дұрыс ескерту беріп, көптеген спортшының мәреге дейін жетуіне көмектесе алады.
- (c) Егер қандай да бір пікірге келсеңіз, дереу әрекет етіңіз.
- (d) Егер спортшыға ескерту жасасаңыз, оның сары карточканы көргеніне көз жеткізіңіз.
- (e) Жүріп келе жатқан көлік құралында отырып төрелік етпеңіз.
- (f) Спортшының бүгін істегені келесіде қайталанбайтынын естен шығармаңыз. Егер спортшы бүгін дисквалификация алса, ол жөнінде келесі жарыста жағымсыз пікірде болмаңыз.
- (g) Өзіңізге бөгде адамдардың пікірінің ықпал етуіне жол бермеңіз. Сіз трассада немесе жолда өз аймағыңызды бақылайсыз, сондықтан өзіңіз шешім қабылдаңыз.
- (h) Жарыс уақытында басқа төрешілермен немесе көрермендермен әңгімелеспейсіз. Сіз өзгелерге тәуелсіз болуға тиіссіз.
- (i) Қандай да бір нақты команда мүшелерінің рейтингіне немесе орындарына белсенді қызығушылық танытпаңыз.
- (j) Жарыстың барысы туралы ақпаратты ешбір спортшыға бермеңіз.
- (k) ИААФ Әдеп кодексіне сәйкес әділ әрекет етіңіз.
- (l) Аға төреші немесе хатшы алған кезде шатастырып алмау үшін, өз қызыл карточкаларыңызды анық толтырыңыз.
- (m) Жолдағы жарыстарда мүмкіндігінше сыртқы позициядан төрелік етуге тырысыңыз.
- (n) Спортшымен қатар жүгіріп, біліксіз төрелік етуге жол бермеңіз.
- (o) Жолда немесе шосседе жерге жатып төрелік етпеңіз.
- (p) Егер осы жарыс үшін арнайы берілмесе, жарыс уақытында ешбір коммуникациялық аспаптарды пайдаланбаңыз (мысалы, ұтқыр телефондар, фотоаппараттар немесе бейне).

АҒА ТӨРЕШІ

Аға төрешінің басты міндеті жарыс басталғанға дейін және жарыс уақытында төрешілерді өз міндеттерін орындауы үшін қажетті заттардың бәрімен қамтамасыз ету болып табылады. Жарыс басталғанға дейін трассаны әр төрешіге белгіленген позициялар тұрғысынан тексеру қажет. Төрешілер жазатын қағаздар, қызыл карточкалар мен төрешілердің қорытынды хаттамалары дайындалуға тиіс.

Төрешілер бригадасы жарыстың маңызды техникалық аспектілері туралы, әсіресе, төрелік етуге әсер ететін аспектілері туралы хабардар етілуіне тиіс. Мұны жарыс басталғанға дейін ыңғайлы уақытта жасап, төрешілерге жарыс басталардан бұрын өз позицияларын иеленуге жеткілікті уақыт беру қажет. Төрешілерге олардың трассадағы позициясының нөміріне сәйкес келетін нөмірлер берілуіне тиіс. Бұл нөмір төрешілер берген қызыл карточкалар мен төрешілердің қорытынды хаттамасында да әр төрешіні анықтауға көмектеседі. Әр төрешіге трасса картасы мен спорттық жүріс бойынша жарыстарға қызмет көрсететін төрешілер үшін қажетті ақпарат берілуіне тиіс. Төрешілердің бәрінде де қажетті мүқәммал, яғни нысанды киім, аккредиттелуі мен жеңге тағатын таңғыш, төрешілер жазатын қағаздар, қызыл карточкалар, сары карточкалар және жақсы жазатын қалам немесе қарындаш дайын болуға тиіс. Ауа райы қолайсыз болса, оларда өздерін және бүкіл құжаттаманы жауын-шашыннан қорғайтын басқа да құралдар болуға тиіс.

Төрешілер хатшыларға және егер бар болса, карточка жинаушыларға тыныстырылуға тиіс және жарыс уақытында хатшының қайта отыратынын білуге тиіс. Содан соң аға төреші Рефериге баяндап, төрешілер бригадасына қатысты бәрі де қалыпты екенін растауға тиіс.

Әдетте, аға төреші жарыс уақытында төрешілерді мәре сызығында немесе соның жанында, әсіресе, трасса ілмек нысанында болса өзі орналастырады. Көп нәрсе аға төреші, аға төрешінің көмекшісі мен хатшы арасындағы коммуникация жүйесінің типіне байланысты болады.

Аға төреші мен төрешілердің арасындағы коммуникацияның бірнеше түрі бар. Қызыл карточкаларды төрешілерден аға төреші мен хатшыға жеткізу маңызды фактор болып табылатыны сөзсіз. Мұны барынша жылдам жасау қажет. Спортшы мәре сызығынан өткен соң оған дисквалификация бергеннен жаман нәрсе жоқ. Өз позицияларындағы аға төрешімен және хатшымен коммуникацияның ең тиімді тәсілі әр төреші үшін жеке жүгірушілерді немесе велосипедшілерді пайдалану болып табылады, олар карточкалардың толтырылу шамасына қарай оларды хатшыға жеткізіп отырады. Карточкаларды хатшыға жеткізгеннен кейін «жүгіруші» бірден төрешіге қайтып оралуға тиіс. Қызыл карточканы алған соң хатшы алдымен оны дұрыс толтырылуы тұрғысынан тексереді. Егер карточка дұрыс толтырылмаса, яғни, спортшының нөмірі, уақыты, себептері мен төрешінің деректері дұрыс көрсетілмесе, онда ол қайтадан сол төрешіге қайтарылады. Аға төреші түзетілген карточканы алмайынша, қандай да бір әрекет жасамайды.

Қызыл карточканың дұрыс толтырылуын тексерген соң, хатшы ақпаратты төрешілердің қорытынды хаттамасына енгізеді. Бір спортшыға үш қызыл карточка берілсе, хатшы дереу аға төрешіні хабардар етеді.

Бұл факт туралы ресми хабарламас бұрын аға төреші карточкаларды (кемінде үш) хатшыдан алып, мыналарды тексеруге тиіс:

1. Барлық карточкалардың дұрыс толтырылуы
2. Барлық карточкалардың бір спортшыға берілу фактісі
3. Бір төрешінің екі карточка бермеуі

Дисквалификация берілуге тиіс спортшы аға төрешіге жақындаған кезде ол қателік жасаған спортшының алдында қажетті биіктікте дисквалификацияны (DSQ) білдіретін қызыл карточканы көрсетіп, нақты әрекет етуге тиіс. Басқа спортшыға кедергі келтірмеу үшін мұқият әрекет ету қажет.

Жарыстан соң бірден және аға төреші басқа карточкалар түспейтініне көз жеткізгеннен кейін аға төреші мен хатшы төрешілердің қорытынды хаттамасын және Рефери ұсынған дисквалификациялау жағдайларының бәрі туралы мәліметтерді тексеруге тиіс. Бұл рәсім орындалмайынша, жарыс нәтижелері түпкілікті нәтиже деп жарияланбауға тиіс.

Аға төреші мен басқа төрешілер жарыстан соң бірден кездесіп, жарысты талқылауға тиіс. Қызыл карточкаларды назардан тыс қалдырмау үшін төрешілердің жазбаларын жинап алып, оларды тексеру керек.

1 (a), (b), (c), (d) қағидаға сәйкес өткізілетін жарыстарда спортшының бұрын қызыл карточка алған-алмағанына қарамастан, оның жүріс стилі 230-қағиданың 1-параграфына сай келмейтіні анық болса, аға төреші жолдағы немесе шосседегі трассаның соңғы 100 метрі қалғанда спортшыға дисквалификация беруге құқылы.

ИААФ 1 (a), (b) және (c) қағидасына сәйкес өткізілетін жарыстарда аға төрешінің бір немесе бірнеше көмекшісі тағайындалады. Аға төрешінің көмекшісі (көмекшілері) дисквалификация туралы жариялаған кезде ғана көмек көрсетуге тиіс, олар спорттық жүрістен төреші ролінде әрекет ете алмайды.

АҒА ТӨРЕШІ МІНДЕТТЕРІНІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

- (a) Төрешілерді өздерінің төрелік ететін позицияларына бөлу және жарыс уақытында төрелік ету рәсімдерін түсіндіру үшін жарыс алдында кеңес өткізу.
- (b) Төрешілерде төрелік ету үшін қажетті материалдардың бәрі бар екеніне көз жеткізу.
- (c) Дисквалификациялау туралы жариялау үшін аға төрешінің көмекшілері пайдаланылатын болса, оларды трассадағы стратегиялық позициялар бойынша бөлу және жарыс уақытында олардың аға төрешімен немесе хатшымен ұдайы коммуникация жасайтынына көз жеткізу. Егер аға төрешінің көмекшісі спортшыны дисквалификация туралы хабардар етсе, бұл ақпарат хатшыға немесе аға төрешіге мейлінше жылдам жеткізілуге тиіс.
- (d) Қызыл карточкалардың бәрі дұрыс толтырылып, тіркелгеніне көз жеткізу үшін хатшымен тығыз ынтымақтаса отырып жұмыс істеу.
- (e) Үш төрешіден үш түрлі қызыл карточка алған соң олардың тіркелгенін тексергеннен кейін спортшыларға оларды дисквалификациялау туралы мейлінше жылдам хабарлау.
- (f) Жарыс уақытында қызыл карточкаларға арналған табло дұрыс пайдаланылатынына көз жеткізу. Аға төреші немесе аға төрешінің көмекшісі спортшыға оны дисквалификациялау туралы хабарламаса да, үшінші қызыл карточканы таблоға ілу керек.
- (g) Реферимен бірге ресми нәтижелердің дұрыстығын тексеру және төрешілердің қорытынды хаттамасының барлық командалар үшін қолжетімді екеніне көз жеткізу.
- (h) Жарысқа байланысты мәселелерді талқылау, төрешілердің қорытынды хаттамасын талдауға беру және кез келген проблемаларды талқылау үшін жарыстан кейін төрешілер бригадасымен кеңес өткізу.
- (i) Кемінде төрешілердің қорытынды хаттамасын және төрешілердің бағалау нұсқандарын қамтитын жарыс туралы есеп тиісті басшы органның кеңсесіне жіберілуге тиіс (мысалы, егер жарыс I.1 (a) қағидаға сәйкес өткізілсе, ИААФ).

Judge's Red Card



Distance:	km.		
Men/Women			
Judge's No.:			
Bib Number			
Reason: <small>(fill the time where the case)</small>		Hour	Minute
		Hour	Minute
Judge's Signature:			

JUDGES RED CARD

ХАТШЫ

Аға төреші үшін, әсіресе, ірі жарыстар кезінде хатшының орны ерекше. Хатшының басты функциялары төрешілерден барлық карточкаларды алу және оларды төрешілердің қорытынды хаттамасына тіркеу, сондай-ақ карточкалардың қызыл карточкаларға арналған таблоға ілінуін қадағалау болып табылады. Спортшы әртүрлі үш төрешіден үш қызыл карточка алған жағдайда хатшы аға төрешіні хабардар етеді. Хатшы аға төрешіні дисквалификация туралы хабардар еткен кезде ол үш (немесе бірнеше) қызыл карточканы көрсетуге тиіс. Аға төреші жарыстың өту барысын хатшымен талқыламауға тиіс.

Төрешілердің қорытынды хаттамасы жарысқа төрелік етудің ресми хаттамасы болып табылады. ДӘЛДІК ӨТЕ МАҢЫЗДЫ. Жарыс аяқталған соң әр төрешінің төрелік ету жазбалары жинап алынады да, барлық ескертулер мен қызыл карточкалар төрешілердің қорытынды хаттамасына қосылады. Әрбір қызыл карточка қашан берілген уақытын және орынды болатын жерде спортшыны дисквалификациялау уақытын көрсетудің маңызы зор. Төрешілер бригадасы төрешілердің қорытынды хаттамасының көшірмесін алуға тиіс.



Recorders area at the IAAF World Championships - Berlin, 2009

JUDGING SUMMARY SHEET (RACE WALKING)

DATE	2009		EVENT										CHIEF JUDGE'S NAME		CHECKER	CAUTIONS AND DISQUALIFICATIONS											
	August	2009	Shandra	VAVO	(CHN)	Pierre	OTC'AL'IGHAM	(IRL)	Maritfin	(GER)	Marie-Françoise	DAHM	(FRA)	Ariane			FRIEDRIG	(FIN)	Sirigapan	(SIN)	WE SITE PREPARED	(USA)	Wayne	FEECHER	(AUS)	Chief Judge	Time & Difference
21																											
827																											
831																											
875																											
879																											
898																											
901																											
922																											
927																											
933																											
985																											
O'FECK																											
PAGE																											
O'FECK																											
TOTAL																											

ASSISTANTS TO CHIEF JUDGE NAME: JENS GRUENBERG (GER) - Peter MARLOW (GBR) / ROIF MÜLLER (GER) - Luis SALADIE (ESP)

ХАТШЫ МІНДЕТТЕРІНІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

- (a) Төрешілер берген қызыл карточкаларды жинау және ақпаратты төрешілердің қорытынды хаттамасында тіркеу.
- (b) Қызыл карточкалар таблосының операторын спортшыға берілген қызыл карточкалар туралы хабардар ету.
- (c) Әртүрлі үш төрешіден үш қызыл карточка берілген кезде дереу аға төрешіні және егер бар болса, оның көмекшілерін хабардар ету.



Women's 20kms IAAF World Cup 2010. (Getty Images)

ҚЫЗЫЛ КАРТОЧКАЛАР ТАБЛОСЫ

Қызыл карточкалар таблосын, әдетте, дисквалификациялау таблосы деп атайды және оны DQ деп белгілейді.

Табло негізінен әр қатысушы үшін хатшыға берілген қызыл карточкалардың саны туралы спортшыларды хабардар ету үшін пайдаланылады.

Практика жүзінде таблоны айналма трассада немесе жолда ғана пайдалануға болады, бұларда оны барлық спортшылар оның қасынан өтіп бара жатқан сайын оңай көретіндей және таблоға ілінген ақпаратты оқи алатындай етіп орналастыруға болады.

Таблоның құрылымы қарапайым: спортшылардың нөмірлері жазылған баған немесе бағандардың тұтас қатары; әр нөмірдің тұсында үш бос орын. Табло спортшылардың бәрі таблоны және онда жазылғандарды оңай көре алатындай етіп орналастырылуға тиіс.

Хатшы қызыл карточкаларды ала салысымен және оларды аға төреші/хатшы қарағаннан және төрешілердің қорытынды хаттамасына қосқаннан кейін қателіктің символы қағиданы бұзған спортшы нөмірінің тұсындағы бірінші бос орынға белгіленеді. Сол қатысушыға екінші карточка түскен кезде қателіктің екінші символы екінші бос орынға белгіленеді және солай жалғаса береді. Спортшы нөмірінің тұсында қатарынан үш символ пайда болған кезде бұл спортшы дисквалификацияланды дегенді білдіреді.

Қажетті таблоның мөлшері осы жарыс түріне қатысатын спортшылар санына байланысты. Егер кеңістік өте үлкен болса, спортшылар қайда қарау керек екенін білуі үшін старт басталғанға дейін барлық спортшылардың нөмірлері кезек тәртібімен таблоға ілінгені өте дұрыс болады. Алайда, таблоны карточкалар түскен кезде ғана нөмірлерді ілетіндей етіп ұйымдастырған дұрыс (мысалы, егер спортшының нөмірі таблоға шықпаса, бұл спортшы ешқандай қызыл карточка алған жоқ).

Таблоны хатшы немесе осы міндеттерді орындау үшін тағайындалған көмекші толтыруға тиіс.

72	311	598	813
77	328	643	837
105	424	646	842
124	425	650	872
144	460	695	877
154	466	701	889
157	484	721	941
189	515	726	980
230	548	742	
241	550	746	
288	578	749	
294	596	811	



Posting Board: Manual and electronic, Berlin 2009.
(Photo Maurizio Damilano)

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ КАРТОЧКАЛАР ТАБЛОСЫ

1.1 (а) қағидаға сәйкес ИААФ барлық жарыстары үшін төрешілер қызыл карточкалардың бәрін хатшыға және электронды таблоға беру үшін ақпарат беру мүмкіндігі бар қолмен жұмыс істейтін компьютерлік құрылғыларды пайдалануға тиіс.

Жүйе мынаны қамтиды:

- (а) Саны: төрешілердің пайдалануына арналған қолмен жұмыс істейтін 8 компьютерлік терминал. Олар өзара сымсыз немесе кәбілдік байланыстың көмегімен және кері қарай деректерді жинау компьютеріне жалғасқан.
- (b) Қызыл карточкаларды ілуге арналған табло.
- (c) Деректерді жинау үшін жұмыс істейтін компьютер.

Операцияның сипаты

Трассада өз позициясында тұрған спорттық жүріс жөніндегі әр төреші қол терминалымен жұмыс істей алады. Әдетте, төрешінің хатшысы басқаратын бұл терминал төрешінің дисквалификациялау (қызыл карточка) туралы ұсынысын электрондық тәсілмен бақылау пунктіне береді.

Төрешілер терминалы

Төрешінің хатшысы мыналарды енгізеді:

- (а) төрешінің нөмірі (1-8)
- (b) қатысушы спортшының нөмірі, ол 4 цифрдан аспайды
- (c) қызыл карточка туралы ұсыныс
 - i. тізесін бүккені үшін
 - ii. жерден екі аяғын бірдей көтергені үшін
- (d) енгізілген деректерді растау.

Бұл ақпарат содан соң деректерді жинау құрылғысына беріледі, ол бақылау пунктіне орналасқан, мұнда деректер тексеріледі немесе нақтыланады.

Бақылау пункті

Бақылау пунктінде деректер жиналған компьютер төрешіден алынған БАРЛЫҚ деректерді автоматты түрде енгізеді де, уақытын тіркейді, содан кейін:

- (а) спортшы нөмірінің дұрыстығын тексереді. Егер нөмір дұрыс болмаса, онда бастапқыда осы деректерді жіберген төрешілер терминалына ағаттық туралы хабарлама жіберіледі. Егер осы төрешіден тағы да дисквалификациялау туралы хабарлама түссе, ағаттық туралы хабарлама жіберілмейді. Алайда, ақпарат енгізілгенімен, ол жөнінде шара қабылданбайды.
- (b) Егер алынған ақпарат дұрыс болса, онда:
 - i. «ҚЫЗЫЛ КАРТОЧКА» бақылау пунктінде басып шығарылады.
 - ii. Таблодағы тиісті спортшы нөмірінің тұсына қателіктің символын қосу есебінен қызыл карточкалар таблосы жаңартылады. Егер



Judges' hand-held terminal. (Photo Maurizio Damilano)

бұл спортшы алған алғашқы қызыл карточка болса, онда оның нөмірі таблоға соңғы нөмірдің астынан қосылады. Назар аударыңыз, спортшылардың нөмірлері кезек тәртібімен ІЛНБЕЙДІ, олардың қызыл карточка алу тәртібіне қарай ОРНАЛАСАДЫ. Яғни, осы жарыс бойы спортшылардың нөмірлері таблода ең бірінші қалай ілінсе, сол күйде қалады (қысқа уақыт аралығында таблоны «сканерлеу» қажеттігін жоққа шығарып, спортшылар үшін өз нөмірлерін таблоның бір жерінен ғана көру жақсырақ екенін тәжірибе дәлелдеп отыр).

iii. Төреші растау алады.

iv. Нәтижелерді өңдеу жөніндегі компанияға тексерілген ақпарат жіберіледі.



*Leading group in the Men's 50kms at the IAAF World Championships - Berlin 2009.
(Photo Maurizio Damilano)*

СПОРТТЫҚ ЖҮРІСТЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАР НЕГІЗГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР/АЙМАҚТАР

(1) Трассаны таңдау және өлшеу

Спорттық жүрістен кез келген халықаралық жарыстың жетістігі, көбінесе, трассаны дұрыс таңдау мен өлшеуге тәуелді болады. ИААФ 230.10 а) қағидасы стандартты 10 және 50 км халықаралық дистанциялар үшін трассаның ең көп ұзындығын таңдауға қойылатын ортақ талап болып табылады.

Төмендегі негізгі қағидаттар жарысқа жарамды тарссалардың таңдау үшін көбірек ақпарат береді:

(a) Тиісті жарыстар (Олимпиада ойындары, жеңіл атлетикадан әлем чемпионаты және т.б.) өткізілген кезде және мүмкіндігінше басқа жағдайларда да спорттық жүріс бойынша трассалардың бәрі стадионда басталып, стадионда аяқталуға (старт және мәре) тиіс.

(b) Жарыс қозғалыс ағыны бөлінген, күрт бұрылыстары жоқ мейлінше кең жолда өткізілген жағдайда ғана трассада екі бағыттағы қозғалысқа рұқсат етіледі. Трассадағы бұрылыстардың радиусы 7.5 метр болуға тиіс.

(c) 10 және 50 км жарыс өткізген кезде ұсынылатын дистанциялар төменде келтірілген:

Дистанция	Екі жақты қозғалысы бар трасса
-----------	--------------------------------

10 Км	1 Км
-------	------

20 Км	1 – 2,5 км
-------	------------

50 Км	1 – 2,5 км
-------	------------

(d) Трассаларда тым күрт бұрылыстар, әсіресе, еңіс учаскелерде болмауға тиіс. Жол жабыны тегіс, ойықсыз және қиыршықтас себілмеген болуға тиіс.

(e) Олимпиада ойындары мен жеңіл атлетикадан әлем чемпионаттары кезінде мәре стадионда өтетін болса, трассалар стадионнан 1 км артық қашық болмауға тиіс.

(f) Медициналық көмек көрсету, тамақтандыру және сүртіну/сусын ішу пункттері үшін трассаларда орын жеткілікті болуға тиіс. Сондай-ақ, айналымдарды есептеушілер, хронометристер, төрешілер, төрешілердің көмекшілері мен коменданттар үшін және қызыл карточкалар таблосы үшін орын бөлінуге тиіс.

(2) Жарыстар кестесі

ИААФ 230.8 (b) қағидасына сәйкес шосседе өтетін спорттық жүріс бойынша барлық жарыстардың кестесі спортшылардың жарысты күндізгі уақытта бастап, күндізгі уақытта аяқтауына мүмкіндік беретіндей етеп жасалуға тиіс. Барлық жарыстар түрлерінің кестесі ең жоғары температура мен қиын ауа райы жағдайларын болғызбайтындай етіп жасалуы керек.

(3) Трасса диаграммасы (қартасы)

Трасса картасы маңызды элемент болып табылады, ол жарысты өткізуге қатысушылардың әрқайсысын тамақтану/сүртіну пункттері, старт және мәре сызығы, дәретханалар, медициналық қызмет көрсету пункттері және т.б.



*Map of the IAAF Race Walking Circuit
IAAF Race Walking Cup, Chihuahua 2010.*

сияқты негізгі функциялық аймақтарға қатысты оқыту үшін пайдаланылады. Карта масштабпен сызылуға тиіс емес, бірақ онда осы техникалық функциялардың орналасуы көрсетілуі керек. Карта жарысқа қызмет көрсететін барлық төрешілерге, командаларға (жаттықтырушылар мен спортшыларға), баспасөзге, БАҚ-қа және т.б. тарағылуы тиіс. Жарысқа дейін өткізілетін техникалық кенесте де картаны пайдалану керек.


(4) Трассадағы қауіпсіздік
ИААФ 230.8 (а) қағидасына сәйкес трасса көрермендер мен көлік құралдары үшін алдын ала жабылуға тиіс. Осы мақсатта баррикадалық тосқауылдар, арқандар, конустар және т.б. пайдаланылады.

Бой жазу аймақтарына, допинг-бақылау пункттеріне және т.б. іргелес жатқан трассадағы қауіпсіздік құралдарын одан әрі күшейту үшін коменданттар мен полиция пайдаланылуға тиіс. Әсіресе, көрермендер мен телевизиялық көлік құралдарының төрешілердің шолуына және спортшыларға кедергі келтірмеуінің маңызы зор. Телевизиялық камералардың трасса бойымен жүруіне көлік құралы бензин буын шығармаған және спортшының алдында немесе артында орналасатын жағдайда ғана рұқсат етіледі. Мәре сызығында

төрешілердің болуын қоспағанда, мәре сызығы да бос болуға тиіс. Қызыл карточкаларды ілуге арналған таблоның алдында ешкімнің де тұруына болмайды. Тамақтану және сусындау, салқындау пункттері үшін жауапты төрешілердің және рұқсат алған ресми командалардың болуын қоспағанда, бұл аймақтар да бос болуы керек.

(5) Төрешілерді үйлестіруші

Бұл барлық төрешілерді, хатшыны, карточкаларды жинаушыны және т.б. қоса алғанда, төрешілер бригадасының ұйымдық мәселелеріне жауап беретін адам. Оның жұмысына төрешілерді ескерту және дисквалификациялау



*2009, World Championships
in Berlin.
Cones on Race Walking Circuit.
(Photo Maurizio Damilano)*

карточкаларымен, қызыл карточкалармен, төрешілердің қорытынды хаттамаларымен, төрешілердің жазбаларымен және трасса карталарымен қамтамасыз ету кіреді. Бұл адам жарыс басталардан бұрын және одан кейін төрешілердің кеңесуін ұйымдастыруға тиіс.

(6) Карточка жинаушы

Карточка жинаушылар велосипедпен немесе роликпен жүреді немесе басқа құралдарды пайдаланады, шосседегі трассада өткізілетін әрбір жарыс кезінде төрешілердің жазбаларын жинайды. Олар жазбаларды дереу хатшыға беруі керек, ол әдетте, қызыл карточкалар ілінетін таблоның қасында орналасады. Жарыс уақытында трассада уақтылы әрі барабар орналасу үшін карточка жинаушылардың саны жеткілікті болуға тиіс. Ең көп дегенде әр төрешіге бір жинаушыдан, ал ең аз дегенде трассаның нақты белгіленуі мен ұзындығына байланысты осының тура жартысы болуға тиіс. Стадионда мәреге апаратын трасса бөлігіне баса назар аударылуға тиіс.

Ескертпе: 1 (а) қағидаға сәйкес ИААФ жарыстарын өткізген кезде төрешілердің арасындағы коммуникация жүйелерін жетілдіру үшін электронды байланыс жүйесі әзірленді; алайда, басқа жарыстардың көпшілігі үшін велосипедшілерді пайдалану жүйесі әлі де қолданыла береді.

(7) Төрешілер мен хатшы

ИААФ 1 (а) қағида бойынша өткізілетін жарыстар үшін төрешілерді ИААФ халықаралық төрешілерінің қатарынан таңдайды. Хатшының міндеттері сияқты, олардың міндеттері де осы брошюрада төрелік ету бөлімінде сипатталған.

(8) Қызыл карточкаларды ілетін таблоның операторы мен оның көмекшісі



*Lap counters officials at the World Championship, Berlin 2009.
(Photo Maurizio Damilano)*

Ол әр жарыс уақытында қызыл карточкалар таблосының жұмысына жауапты болады. Ол таблоның трассада қажетті жерде болуын, сондай-ақ онда қажетті нәрсенің бәрі (спортшылар нөмірлерінің көшірмелері немесе пайдаланылатын таблоның түріне қарай қара сия маркерлер, қызыл маркерлер, үстел мен орындықтар және т.б.) болуын қадағалауға тиіс. Әдетте, мәре сызығының алдында аз ғана (мысалы, 100 метр) қашықтықта орналасқан табло жақсы көрінеді. Жарыс уақытында хатшы қажетті ақпаратты төрешілердің қорытынды хаттамасында тіркегеннен кейін қызыл карточкалардың таблоға уақтылы әрі дұрыс ілінуін қамтамасыз ету үшін табло операторы хатшымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

(9) Айналымдарды есептеу басшысы және айналымдарды есептеушілер Бұл жарыс қорытындысына тікелей әсер ететін ең маңызды тағайындаулардың бірі. Айналымды есептеушілер мәре сызығының алдында (яғни 50 метр бұрын) орналасуға тиіс. Айналымды есептеушінің әрқайсысы бақылайтын спортшы алтаудан аспауға тиіс және оларды тану оңай болуы үшін бір елден болғаны жөн. Айналымды есептеушінің әрқайсысы спортшының нөмірін қамтитын хаттамада әрбір айналым бойынша жиынтық уақытты белгілеуге тиіс. Айналымды есептеу басшысы (басшылары) әр бес есептеушіге біреуден тағайындалады және қажет болса, оларға спортшыларды тануға көмектеседі. Басшы (басшылар) айналымдардың бәрін аяқтамаған спортшылардың қайсысы мәреге келгенін мәре сызығындағы төрешілерге хабарлау үшін де жауапты болады. Бұдан басқа, егер қажет болса, артық айналым жасаған немесе жасай бастаған спортшыларға қолмен белгі беру қажет.

(10) Мәре сызығындағы төрешілер Хронометражды орындайтын бригадadan басқа стартта және мәреде төрешілер болуға тиіс, олар жарыс басталғандағы қажетті функцияларды орындайды (жеребе тастау нәтижелерінің негізінде спортшыларды старт сызығына жинайды); әрбір спортшы мәре сызығынан өткен кезде оларға қалған айналымдардың саны туралы хабарлап, күрделі жұмысты орындайды. Бұл соңғы функция әсіресе маңызды және айналымдарды есептейтін командамен дәл үйлестірілген әрекетті талап етеді. Бұл міндетті орындау үшін «белгі беруші» керек. Жарыстың көшбасшысы соңғы айналымға кіре салысымен, «белгі беруші» айналымдарды есептейтін бригадadan шамамен 100 метр аралықтағы позицияны иеленеді. «Белгі беруші» әр спортшының нөмірін көре салысымен ол осы спортшының нөмірін айналымдарды есептейтін бригадаға хабарлайды. Бұл процесте сөйлесу құрылғылары септігін тигізуі мүмкін. Айналымды есептеудің тиісті басшысы содан соң мәре сызығындағы төрешілерді бұл спортшының мәреге жеткені немесе қалған айналымдардан өтуі керек екені туралы хабардар етеді. Мәреден өткен спортшыларды әлі айналымдарды толық өтпеген спортшылардан бөлу үшін жеке мәре жолы конустармен белгіленуге тиіс.

(11) Сусындау, тамақтану және салқындау пункттері (10, 20 және 50 км) ИААФ 230.9-қағидасы бойынша тамақтану және салқындау пункттері тиісті аралықтармен орналасуға тиіс. Олар трассада спортшылардың қолы оңай



*Refreshment Area at the World Championship in athletic, Berlin 2009.
(Photo Maurizio Damilano).*

жететіндей орналастырылуға тиіс. Ең дұрысы – сусындау пункттерінде биіктігі 1 метр үстелдерге жартылай толтырылған тостағандар қою керек. Сонда спортшылар үстелген еңкейіп, тостағандарды ала алады. Көмекшілер тостағандарды толтырып, пайдаланылған тостағандарды трассадан алып тастауға тиіс. Пайдаланылған тостағандар үшін үлкен бакты пайдалану керек. Салқындау станциялары үшін орташа ысқыштарды пайдаланған жөн, оларды көмекшілер су құйылған үлкен шелектерден алып, биіктігі шамамен 1 метр үстелдерге қояды.

(12) Компьютерлік өңдеу және нәтижелер

Жарыс барысында интервалдық уақытты және түпкілікті нәтижелерді басып шығару үшін компьютерлік бағдарламалық қамтылым пайдаланылуға тиіс. Мұны әрбір жарыстан соң мейлінше жылдам істеу қажет. Түпкілікті нәтижелер басып шығарылған қағазда дисквалификацияланған (DQ) және мәреге келмеген (DNF) спортшыларды қоса алғанда, әр спортшының соңғы уақыты мен орны көрсетілуге тиіс. Егер командалық жарыс жалпы жарыстың бір бөлігі болып табылса, онда нәтижелерді өңдейтін бригаданың құрамына нәтижелерді санайтын жеке бригада кіруі керек. Спорттық жүрістен әлем кубогында командалық есеп былайша айқындалады (1998 жылғы маусымда ИААФ Кеңесі бекіткен 717.5-жарыс қағидасы):

- әр жарыстың есебі бөлек жүргізіледі
- әр жарыста үш спортшының нәтижесі есепке алынады
- командалық нәтиже әр команданың есебіне нәтижелері кірген спортшылары алған орындардың жиынтығымен айқындалады
- жалпы ұпай саны ең аз команда жеңімпаз деп жарияланады. Егер



*Mat for Transponder System.
(Photo Luis Saladie)*

команда мәреге толық есептік құраммен келмесе, онда мәреге келген спортшылардың нәтижелері жеке нәтиже деп саналады;

- нәтижелері командалық есепке кірмеген спортшыларға қатысты немесе жеке өтінімдерге қатысты мәреге келген командалардың есептік орындарын өзгерту жүргізілмейді;

- кез келген тең нәтиже құрамында үздік орын алған спортшы бар команданың пайдасына шешіледі.

Интервалдық уақыт 5 км, 10 км және 15 км аралықтарда 20 км дистанциядағы ерлер мен әйелдер жарыстары үшін тіркелуге тиіс; ал ерлер жарыстары үшін 50 км дистанцияда 10 км, 20 км, 30 км және 40 км аралықтарда.

(13) Техникалық кеңес

Техникалық кеңес жарыстың техникалық аспектілерін қарау үшін жарыстың бірінші күнінің алдында өткізіледі. Техникалық кеңесте жарысқа қатысуға өтінім берген әр команданың немесе федерацияның атынан екі (2) өкіл (және қажет болса, аудармашы) қатыса алады.

Техникалық кеңес өткізілетін орын мен уақыт туралы барлық командаларға алдын ала хабарланады. Бұл кеңесте ИААФ техникалық делегаты және (немесе) Жарыстың техникалық директоры төрағалық етеді. Командалардың жетекшілері жарыстың техникалық аспектілері техникалық басшылық құралда түсіндірілмеген болса, оларға қатысты өз сұрақтарын кеңеске дейін кемінде 3 сағат қалғанда беруге тиіс. Осы кеңесте түпкілікті өтінімдерді растау жүргізіледі. Мұндай кеңестің үлгі күн тәртібі мынадай болады:

КҮН ТӨРТІБІ

1. Сәлемдесу
2. Төрешілер бригадасын таныстыру
3. Трасса
 - a. Карта
 - b. Дистанция
 - c. Тамақтану, сусындау, салқындау пункттері (10, 20 және 50 км)
 - d. Бой жазу аймағы
 - e. Жиналу бөлмесі
 - f. Киім (команданың киім нысаны)
 - g. Командалардың бастапқы позициялары (жеребеге сәйкес)
4. Мәре аймағы
 - A. Әр жарыста алғашқы үш спортшы мәреге келгеннен кейінгі іс-шаралардың дәйектілігі
 1. Баспасөз бен телевизия үшін интервью
 2. Марапаттау рәсімі
 3. Допинг бақылау
 - b. Қызыл карточкалар ілінетін табло
 - c. Айналымдарды есептеу
 - d. Командалық есеп
 5. Медициналық қызметтер
 6. Бастапқы хаттамалар
 7. Нөмірлер (типi, бөлінуі)
 8. Көлік
 9. Әртүрлі
 10. Сұрақтар

(14) Допинг бақылау ИААФ допинг бақылауға арналған рәсімдік қағидаларына сәйкес жүргізілуге тиіс. Ұйымдастыру комитеті немесе ұйымдастырушы федерация ИААФ немесе тиісті басшы орган бекіткен бірқатар тестілерді жүргізу үшін қажетті мүкәммал мен персонал беруге тиіс.

(15) Басқа да маңызды ұйымдастырушылық мәселелер

Басқа да маңызды ұйымдастырушылық мәселелер дикторлар қызметін, медициналық қызметтерді, бой жазу аймағын, дәретханаларды, көрермендер мен құрметті қонақтарға арналған трибуналарды, әділ қазылар алқасын (наразылық білдіру нысандарын), төрешілердің тамақтануын және марапаттау рәсімін қамтиды.

(16) Спорттық жүрістегі әлемдік рекордтар. Жарысқа спорттық жүріс бойынша ИААФ халықаралық төрешілерінің тобына немесе құрлықтық топқа кіретін кем дегенде үш төреші төрелік етуге тиіс және олар өтінім нысанын толтыруы керек. Трассаны ИААФ 260.29 (a) қағидасына сәйкес «А» немесе «В» санатындағы АИМС өлшеушісі өлшеуге тиіс. Трасса 260.29 (b) және (c)

қағидасына сәйкес сертификатталып, заңдастырылуға тиіс, ал трассаның дистанциясы 260.29 (b) қағидада баяндалған талаптарға сай болуы керек. ИААФ 260.29 (d) қағидасына сәйкес трассаны жарыстың алдындағы екі апта ішінде, жарыс өтетін күні немесе жарыстан соң мейлінше тез «А» немесе «В» санатындағы АИМС өлшеушісі тағы бір рет өлшеуге тиіс, оның бастапқы өлшеуді жүргізген өлшеушіден басқа болғаны абзал.

СПОРТТЫҚ ЖҮРІС ТӨРЕШІЛЕРІНІҢ ӘДЕП КОДЫ

Түсініктеме

Осы Әдеп коды, негізінен, «әділ ойын» қағидаларына мойынсұнатын төрешілердің қалауына тәуелді. Төрешілер өздерінің барлық іс-әрекетінде және кез келген уақытта риясыз болуға тиіс.

Кейбір төрешілер осы Кодекс шеңберінде, әсіресе, 4-тармақта аталған мәселелер бойынша спортшыларға қатысты өз міндеттерін орындамады деген болжамдар айтылды (мысалы, телефон пайдаланды, басқа төрешілер берген қызыл карточкаларды оқу үшін Бас төрешінің курьерін тоқтатты, (жарыс барысын «көрермендермен» ашық талқылады және т.б.).

Осы қосымша түсініктемелер мен ұсынылатын санкциялар мінез-құлықтың жол берілетін шектерін анағұрлым нақтырақ көрсетеді.

ИААФ 144-қағидасына, әсіресе, спортшыларға «жарыс аймағында бейне немесе кассета магнитофондарын, радионы, дисктегі электронды жеткізгіштерді, радиотаратушы құрылғыларды, ұтқыр телефондарды немесе басқа да құрылғыларды иеленуге» тыйым салатын және олардың дисквалификацияға ұшырайтын (d) қағидасына сілтеме.

Егер төреші бұл Қағиданы бұзып, жарыс нәтижесіне ықпалын тигізуі мүмкін ақпаратты алу немесе беру үшін электронды құрылғыларды пайдаланса, оның салдары анағұрлым ауыр болады.

Санкциялар: болжалды шеттету мерзімі (бірнеше жыл, виртуалды, өмір бойына) тежеу болуға тиіс.

ӘДЕП КОДЫ

1. Спорттық жүрістен төрешілер бригадасының мүшелері ИААФ Конституциясының 3-бабында көрсетілгендей ИААФ мақсатына сай келетіндей түрде әрі ИААФ Кеңесі 2003 жылғы қарашада бекіткен ИААФ Әдеп кодын толық сақтай отырып төрелік етуге міндеттенеді.
2. Неғұрлым нақтырақ болсақ, олар:
 - 2.1 жынысына, нәсіліне, дініне, саяси көзқарасына, ұлтына немесе қаржылық мәртебесіне қатысты кемсітпей, бүкіл Жарыс қағидаларына бағынуға;

- 2.2 өздерінің техникалық және төрешілік білімін жетілдіруге, оларды барынша жоғары деңгейде ұстауға;
 - 2.3 өздерін ИААФ нормативтеріне және ИААФ өкілдігі жөніндегі міндеттемелерге сәйкес ұстауға;
 - 2.4 төрелік ету уақытында өздерінің ұлттық федерацияларының атынан әрекет етпейтінін біле отырып, риясыз, қандай да бір ырымсыз әрекет етіп, төрелік етуге міндетті.
3. Спорттық жүрістен төрешілер бригадасының мүшесі бола тұра, олар халықаралық деңгейдегі құрама командалардың немесе спортшылардың жаттықтырушылары ретінде жұмыс істей алмайды.
 4. Өз қызметінде спорттық жүрістен халықаралық төрешілер тобына кіретін төрешілер:
 - 4.1 көрермендермен немесе командалардың ресми тұлғаларымен немесе басқа спортшылармен, әсіресе, кез келген ұлттық федерацияның мүшесі ретінде танылатындармен қанда да бір байланыс жасамауға;
 - 4.2 стадионда немесе трассада ұтқыр телефонды, радиотаратушы немесе осыған ұқсас құрылғыны пайдаланбауға;
 - 4.3 таблоға қарамауға (таблоға ілінген және жарыс барысын көрсететін телевизиялық экрандарда көрсетілген ақпаратты қоса алғанда);
 - 4.4 таблоға ілінген қандай да бір ақпараттан көшірме алмауға тиіс.
 5. Егер ИААФ халықаралық төрешілер бригадасының мүшесі бұл нұсқаулықтарды бұзса, Рефери мен Бас төреші:
 - төрешіні осы жарыс барысындағы басқа жарыс түрлеріне төрелік етуден шеттетугі мүмкін;
 - істі ИААФ Спорттық жүріс жөніндегі комитетіне беруі мүмкін, ол тергеп-тексергеннен және түсініктеме сұратқаннан кейін ИААФ Кеңесіне осы төрешіні спорттық жүрістен халықаралық төрешілер бригадасынан шығаруды немесе тіпті оны өз кандидатурасын халықаралық (II деңгейдегі де, III деңгейдегі де) төрешілер бригадасына ұсыну құқығынан айыруды (өмір бойына немесе белгілі бір кезеңге) ұсынуы мүмкін.